

# Үй өртенді

Петропавлда жер үй өртеніп, екі адам ауруханаға жеткізілді. Олардың бірінің жағдайы ауыр.

Өрттің салдарынан баспананың шатыры мен қабырғалары зақымданып, үй иелерінің жеке заттары жанып кеткен.

“Өртті сөндіруге 16 адам мен 3 техника жұмылдырылды. Қызыл жалын сағат 02:58-де толығымен ауыздықталды. Өрттің шығу себептері анықталуда”, – деп хабарлады облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі.

Өрт болған кезде үйде 1963 жылғы ер адам мен оның зайыбы болған. Олар иіс тиіп уланып, ауруханаға жеткізілді.

“Иіс тиіп уланған ер адамның жағдайы ауыр. Ол жансақтау бөліміне жатқызылды. Ал әйел адам терапия бөлімінде ем қабылдап жатыр. Оның жағдайы орташа деңгейде деп бағаланған”, – деді облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Гүлнар Қалиева.

**Мәдина КӘЛЕНОВА,**  
**М.Қозыбаев атындағы**  
**СҚУ-дың студенті.**